

АҚТӨБЕДЕ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ӨСІМДІКТЕР



Түр аты- Кәдімгі қырыққұлақтар (Polypodiaceae) – жоғары споралы өсімдіктер.

Таралуы-Жер шарында кең тараған, әсіресе, тропиктік Еуропада жиі кездеседі. Қазба қалдықтары ертедегі триас кезеңінің қабаттарынан табылған 50-ге жуық туысы, 1500-дей түрі белгілі. Қазақстанда 14 туысы, 27 түрі белгілі.

Морфологиясы -Жапырақтары (оларды вайя деп атайды) жуан, етті тамырларының жоғарғы жағында екі қатар болып орналасады.




КОНГО ҚЫРЫҚҚҰЛАҚ



МАСАЛАРДЫҢ ҚЫРЫҚҚҰЛАҒЫ



- **Түр аты - Шренк қызғалдағы** (лат. *Tulipa schrenckii*) – лалагүлдер тұқымдасының қызғалдақ туысына жататын көп жылдық баданалы өсімдіктер туысы.
- **Морфологиясы-** Баданасы жұмыртқа тәрізді, жуандығы 3 сантиметрге дейін жетеді. Сағағы жіңішке, биіктігі 30 см. Жапырақтары 3-4, ланцет тәрізді, жіңішке сопақша келген гүлінен сәл ұзын. Гүлдері ірі, ақ, қызыл не сары түсті. Гүлдерінде қара, ақ немесе сарғыш дақтар болады. Дәндерімен көбейеді. Мамырда гүлдейді, маусымда жемісі пісіп жетіледі. Қауашағы доғал пішінді. Тасты-қиыршықты жерлерде және беткейлерде өседі.
- **Таралуы-**Қазақстанның барлық өңірінде өседі.. Жер жырту және егісті жедел игеру салдарынан оның қоры жылдан-жылға азаюда. Қызғалдақ Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген.



- **Түр аты- Ақ тұңғиық** (лат. *Nymphaea alba*)
– Тұңғиықтар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін су өсімдігі.
- **Таралуы, өсетін жері**
Қазақстанда сирек өседі. Негізінен батыс аймақтарында (Батыс Қазақстан облысы) таралған. Су астындағы жүрек тәрізді, сопақша, тамыр сабағы топыраққа төселіп, кейде дөңгелек жапырақтары су бетіне жайылып өседі.
- **Морфологиясы-** Жұмыртқа тәрізді гүлі сопақтау, күлтелері көп желекті, ақ түсті болады.
- Тұқымынан және өсімді (вегетативті) жолмен көбейеді.
- Маусым-тамызда гүлдейді, қыркүйекте жеміс береді.



- ▣ **Жүзгін**, жүзген, дүзген, қандым (лат. Calligonum) – тарандар тұқымдасына жататын ағаш не тармақталған бұталар
- ▣ **Морфологиясы**-Биіктігі 40 см-ден 7 м-ге дейін болады. Жапырағы өте ұсақ, ұзынша ине тәрізді. Гүлі қос жынысты, ақ не қызғылт түсті, хош иісті. Жемісі – қатты қабықты ұсақ жаңғақша. Жүзгіннің негізгі тамырының ұзындығы 1,5 – 2 м, ал көлбей өскен тамырының ұзындығы 12 – 20 м.
- ▣ **Таралуы**- Жүзгін тұқымынан, атпа тамырларынан өсе береді. Топырақ талғамайды, қуаңшылыққа төзімді; құмда, тасты жерде де өседі.



- ▣ **Желайдар** (Anemone) — сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Желайдардың бұрынғы КСРО аумағында 46 түрі өседі, олардың көпшілігі улы келеді.
- ▣ **Морфологиясы**- Биіктігі 10 – 50 см-дей, сабағы тік өседі; сыртын түк басқан. Тамырына жақын жерінде жапырағы болмайды. Жапырағы сүйір, сағағы қысқа болады. Ірі гүлдері ақ сары, көгілдір түсті, олар сабақтың ұшында дара немесе шатырша гүлшоғырына топтасады. Ерте көктемде гүлдейді. Жемісі – тұмсығы иілген қысқа ұрық. Желайдардың жапырағының құрамында дәмі ащы анемонол болады. Одан ауруды бәсеңдететін және жүрекке әсер ететін анимонин бөліп алады. Тамырынан алынатын улы шырынды кейде сүйелді кетіру үшін пайдаланады. Желайдарды пайдаланған кезде өте сақ болған жөн, өйткені ол улы өсімдік. Сондай-ақ желайдар өте әдемі өсімдік болғандықтан, сәндік үшін де өсіріледі. [1] [2] Желайдар – көпжылдық, шөптесін өсімдік.









